

II-сайланған Алматы қаласы Мәслихатының 2003 жылғы 27 ақпандағы XXIV-сессиясының "Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемнің мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 29 шілдедегі N 68 шешімі. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 06 тамызда N 613 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 164 шешімімен

Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008.12.22 N 164 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 7 бабына сәйкес III-сайланған Алматы қаласының Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. III-сайланған Алматы қаласының Мәслихатының 2004 жылғы 10 маусымдағы кезектен тыс VII-сессиясының "II-сайланған Алматы қаласы Мәслихатының 2003 жылғы 27 ақпандағы XXIV-сессиясының "Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемнің мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі қайта бекітілсін.

2. "Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемнің мөлшерлемелерін бекіту туралы" II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XXIV-сессиясының 2003 жылғы 27 ақпандағы шешіміне қосымша мына редакцияда мазмұндалсын, қоса беріліп
о т ы р .

3. Қазақстан Республикасының "Темекі шегушіліктің алдын алу және шектеу туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі заңының 4 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес қосымшадағы мөлшерлемелер кестесінің 1.1., 2.1., 3.1., 4.1., 5.1., 6.1., 7.1., 8.1.тармақтары және қосымшаға ескертпедегі 4 тармақтың күші 2004 жылғы 1 қазанға дейін қолданылады.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және бюджет жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (Шелипанов А.И.), Алматы қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы Қ.Е.Баеділовқа жүктелсін.

ІІІ-сайланған Алматы қаласының Мәслихатының

VIII-сессиясының төрағасы

ІІІ-сайланған Алматы қаласының Мәслихатының

хатшысы

ІІ-сайланған Алматы қаласы Мәслихатының
2003 жылғы 27 ақпандағы XXIV-сессиясының
"Алматы қаласының аумағында сыртқы
(көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай
сайынғы төлемнің мөлшерлемелерін бекіту
туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы ІІІ-сайланған Алматы қаласының
Мәслихатының 2004 жылғы 29 шілдедегі N 68
VIII сессиясының шешіміне
қосымша

**"ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының
2003 жылғы 27 ақпандағы
XXIV-ші сессиясының шешіміне
қосымша
Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі)
жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы
төлемнің мөлшерлемелері (бір жағы үшін)**

Жарнама түрі	Төлем ақы мөлшерлемелері			
	Ай сайын алынатын			
	"А" категориясы	"В" категориясы	"С" категориясы	Ескерту
1. Көлемі 2. ш. м дейінгі көрсеткіштер, маңдайшалар, ақпарат қалқандары (нысан үшін). 1.1. Темекінің жарнамасы	3 4,5	2 3	1 1,5	4 ескерту
2. Лайтбокстер (сити форматты) 2.1. Темекінің жарнамасы	6 9	3 4,5	2 3	4 ескерту
3. Көлемі 2 - ден 5 ш.м. дейінгі жарнама-ақпараттық нысандар 3.1. Темекінің жарнамасы	1 0 15	5 7,5	3	4 ескерту

			4,5	
4. Көлемі 5-тен 10 ш.м. дейінгі жарнама-ақпараттық нысандар 4.1. Темекінің жарнамасы	2 0 30	1 0 15	6 9	4 ескерту
5. Көлемі 10-нан 20 ш.м. дейінгі жарнама-ақпараттық нысандар 5.1. Темекінің жарнамасы	4 0 60	2 0 30	1 0 15	4 ескерту
6. Көлемі 20-дан 30 ш.м. дейінгі жарнама-ақпараттық нысандар 6.1. Темекінің жарнамасы	6 0 90	3 0 45	1 5 22,5	4 ескерту
7.Көлемі 30 ш.м. жоғары жарнама-ақпараттық нысандар 7.1. Темекінің жарнамасы	100 150	50 75	25 37,5	4 ескерту
8. Уақытша типтегі дүңгіршіктер мен павильондардағы жарнама 8.1. Темекінің жарнамасы	3 4,5	2 3	1 1,5	4 ескерту
9. Көлік құралдарының сыртындағы жарнама (бірлік үшін) 9.1. Автобустар, троллейбустар, трамвайлар, жүк машиналары және т.б. (жүк көтерімі 1,5 тоннадан астам) 9.2. Шағын автобустар, такси, жеңіл автомобильдер (жүк көтерімі 1,5 тоннаға дейін)	1 5 5	1 5 5	1 5 5	4 ескерту

Ескерту: 1. Төлем ақы мөлшерлемелері қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің көлемімен есептеледі.

2. Бюджеттік ұйымдар мен отандық тауар өндірушілер (отандық және бірлескен өндірістік кәсіпорындар) үшін ай сайынғы мөлшерлемелер 20% а з а й т ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары олардың өз функцияларын жүзеге асыруға байланысты орналастырған сыртқы (көрнекі) жарнама нысандары бойынша ақы төлеушілер болып табылмайды.

4. Темекі өнімдерінің жарнамасын көліктің барлық түрлерінде, құрылғылар мен ЖПБ жол белгілерінде орналастыруға тыйым салынады.

5.Төленген төлем ақы сомалары қайтарылмайды.

6. Категориялар бойынша Алматы қаласының негізгі алаңдары мен магистральдарының тізімі:

"А" категориясы: Абай д., Әл-Фараби д., Абылай хан д., Достық д., Фурманов

к-сі, Астана алаңы, Республика алаңы, Сәтпаев к-сі, Қонаев к-сі, Сүйінбай д., Саин д., Сейфуллин д., Қажымұқан к-сі, Байтұрсынов к-сі, Достық - Әл-Фараби зәулім жолы, Алтынсарин к-сі, Райымбек д., Рысқұлов д., Желтоқсан к-сі, Гоголь к-сі, Жібек жолы к-сі, Төле би к-сі, Қабанбай батыр к-сі, Мақатаев к-сі, Б.Майлин к-сі, Өтеген батыр к-сі, Гагарин д., Хмельницкий к-сі, Солтүстік шеңбер, әуежай, авто және теміржол вокзалдары, Розыбакиев к-сі, Ш.Қалдаяқов к-сі, Наурызбай батыр к-сі, қаланың кіре берістері мен шыға берістері, Тимирязев к-сі, Б.Момышұлы к-сі, спорт шаралары мен мәдени бұқаралық демалыс орындары, Жандосов к-сі, Масанчи к-сі, Мәметова к-сі, Құрманғазы к-сі, Т.Озал к-сі, Жолдасбеков к-сі, Мендіқұлов атындағы бульвар, Панфилов к-сі (Әл-Фараби д. Төмен), М.Ганди к-сі, Әуезов к-сі.

"В" категориясы : Бөгенбай батыр к-сі, Марков к-сі, Шаляпин к-сі, Манас к-сі, Тілендиев к-сі, Навои к-сі, Мұстафин к-сі, Шемякин к-сі, "Алмагүл" ықшам ауданы, "Қазақфильм" ықшам ауданы, "Айнабұлақ" ықшам ауданы, Байзақов к-сі, Щепкин к-сі, Жароков к-сі, Қазыбек би к-сі, Әйтеке би к-сі, Мұқанов к-сі, Торайғыров к-сі, "Орбита" ықшам ауданы, Панфилов к-сі, Жансүгіров к-сі, Пушкин к-сі, Айманов к-сі, Жамбыл к-сі, А.Шарипов к-сі, Қожамқұлов к-сі, Қарасай батыр к-сі, Шевченко к-сі.

"С" категориясы: "А" және "В" категорияларына кірмеген барлық қалған магистральдар, алаңдар мен көшелер.

*ІІІ - с а й л а н ғ а н А л м а т ы
қ а л а с ы н ы ң М ә с л и х а т ы н ы ң*

VІІІ-сессиясының төрағасы

*ІІІ - с а й л а н ғ а н А л м а т ы
қ а л а с ы н ы ң М ә с л и х а т ы н ы ң*

хатшысы